

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2026 жылдың 27-ақпанында Narxoz университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебі жыл сайынғы "Жастар және ғылым" ғылыми-практикалық студенттік конференциясын өткізеді.

Конференция келесі секциялар бойынша офлайн/онлайн форматында өтеді:

Секция 1 - **Құқық**

Секция 2 - **Мемлекеттік басқару**

Секция 3 - **Халықаралық қатынастар**

Конференция жұмысына Қазақстан мен шет елдер жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары қатысады. Конференция қорытындысы бойынша ғылыми мақалалардың электронды жинағын шығару жоспарлануда.

Конференцияға қатысу үшін **2026 жылдың 25-қаңтарына** дейінгі мерзімде Google нысанын сілтеме бойынша толтыру арқылы өтініш беру қажет: <https://forms.gle/pibD9CC7piA6NzdbA>

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын.

Баяндамалар жариялануға **2026 жылдың 15-ақпанына** дейінгі мерзімде мына электрондық мекенжай бойынша қабылданады arman.istayev@narxoz.kz Құқық секциясы бойынша; serik.serikbayev@narxoz.kz Мемлекеттік басқару секциясы бойынша; aizadaglobol@gmail.com Халықаралық қатынастар секциясы бойынша. Хаттың тақырыбында баяндаманың тақырыбын, автордың тегін, секциясын қысқаша көрсету қажет.

Баяндамалар келесідей ресімделуі тиіс: көлемі 3-тен 5 бетке дейін. Бет параметрлері: жоғарғы өріс – 2 см, төменгі өріс – 2 см, сол жақ өріс – 3 см, оң жақ өріс – 2 см. Қаріп – Times New Roman, Times Kaz, қаріп өлшемі – 12 pt. Жоларалық интервал-1; абзац шегінісі-1,25; мәтін ені бойынша тураланған. Баяндамаларда графиктер, суреттер немесе фотосуреттер болмауы керек. Дереккөздерге сілтемелер баяндама мәтінінің соңында пайдаланылған кезде библиографияны келтіре отырып, төртбұрышты жақшада ресімделуі керек. Мәтінге жасырын пішімдеу белгілері қосылмауы керек. Мәтін көрінетін немесе жасырын шекаралары бар жақтауларға, кестелерге және басқа нысандарға салынбауы керек. Ғылыми жетекшінің пікірі болуы міндетті. Баяндама материалы мынадай тәртіппен орналастырылады: бірінші жолда – автор/-лардың (Т.А.Ә., мекеме, қала) туралы толық ақпарат, бір жол арқылы – мақаланың атауы (бас әріптермен), келесі жолда – мәтін басталады.

Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін баяндамалар жариялауға жіберілмейді. Мақаланың мазмұнына автор жауапты.

Конференцияның өтетін орны: Алматы қ., Жандосов к-сі, 55, №109 зал (конференцияның ашылуы), секциялық отырыстар: 008 ауд. ("құқық", "мемлекеттік басқару" секциялары), 109 ауд. ("халықаралық қатынастар" секциясы).

Конференцияның жұмыс уақыты: 10.00-13.30 (Астана уақыты бойынша). Конференцияға онлайн қосылуға арналған сілтеме:

<https://zoom.us/j/93477330999?pwd=kyszvfUCUwO8qjaP3CAIztSoiYo8RHc.1>

Конференция идентификаторы: 934 7733 0999

Конференцияға қатысу шығындары қатысушы есебінен жүргізіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін +8-777-797-22-93, +7-707-727-6875 телефондары немесе электрондық мекенжай бойынша хабарласуыңызды сұраймыз: karlygash.baizhomartova@narxoz.kz